

## Өнеркәсіптік майлы спирттерге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 82 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ЕАЭО СЭҚ ТН 3823 70 000 0 кодымен сыныпталатын өнеркәсіптік майлы спирттерге қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2028 жылғы 31 қазанға дейін кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 3823 70 000 0 коды бар позицияда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертуге "56С)" деген сілтеме "106С)" деген сілтемемен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелерде: 56С деген ескертпенің күші жойылды деп танылсын;

мынадай мазмұндағы 106С ескертпемен толықтырылсын:

"106С) Кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 82 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.10.2028 дейін қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының міндетін атқарушы*

*Б. Сұлтанов*